ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 05 шілде №7119-23-00-2/6544 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің "Дәулет" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-МКҚК)

ЖАУАПКЕР:

«Кушербаева» жеке кәсіпкер (бұдан әрі-ЖК) Кушербаева Жумагуль Калишевна,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Дәулет" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер «Кушербаева» ЖК Кушербаева Жумагуль Калишевна қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы - қанағаттандырылсын.

«Кушербаева» ЖК Кушербаева Жумагуль Калишевна ЖСН 600101412014 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Кушербаева» ЖК Кушербаева Жумагуль Калишевна ЖСН 600101412014 мемлекет пайдасына 1 845 (бір мың сегіз жүз қырық бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Кушербаева» ЖК Кушербаева Жумагуль Калишевна ЖСН 600101412014 Астана қаласы әкімдігінің "Дәулет" МКҚК пайдасына 4 000 (төрт мың) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 05.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2023, судья Нұрланов Б. К., 24.08.2023

7119-23-3-1/6194